

Біздің заманның батыры

Күйбең өмірдің түйткілімен тіпті көршінің хал жағдайын білмек түгілі, маңайындағы адамдармен араласу, туған – туысқандарыңа қарайласуға уақыт таба алмайтын сәттер кездесіп тұрады. Тіпті қонаққа баруға уақыт таппай қаласың. Жақын құрбымен әңгімелескің келеді. Адамның ішкі жан – дүниесіне үңілу барысында өз кемшілігімізді жастық шақтан іздеп жатамыз. Достарымызбен шүйірлесіп, өткенді еске алып, бір – бірімізді рухани қолдап көрдік пе?

Адамның ішкі жан сырына үңіле білсең, қызықты кеңестерімен бөлісіп, пайдалы, әсерлі әңгімелерімен әскери тарихи оқиғалары жайлы айтқандары толғандырмай қоймайды. Құрметті оқырман, бұл бір ғана мысал. Алайда осындай кейіпкеріміз, ауылдағы өз ортамызда өмір сүріп жатқан интернационал - жауынгер болып шықса ше ... Иә, сол туралы айтпақпын.

Соғысқа аттанған өрімдей жастың алдында үлкен мақсат тұрды. Ол – Ауғаныстан жеріндегі дұшмандар басқыншылығына тойтарыс беріп, бейкүнә халықтың тыныштығын қорғау және өзінің Отан алдындағы интернационалдық борышынан қалтқысыз өтеу болатын. Соңында олардың тағдыры әртүрлі болып қалыптасты, мінездері де әрқилы болғанымен көпшілігі қарапайымдылықты сақтады.

Біздің Құндызды ауылдық округінде бір ғана интернационал жауынгер тұрады. Оның аты – жөні Ұзақбай Имашев.

Өте қарапайым, салмақты азамат 18 жасында взвод командирінің орынбасары болған.

Онымен сұхбат алу барысындағы тәуекелге бас тігуім еш кедергі келтірмеді. Мен журналист, тіпті тілші де емеспін ғой! Әйтсе де, қарапайымдылығымен ерліктері жария болмай жүрген осынау жанның адам өмірін ойыншық санайтын қандықол қарақшыларға қарсы тұра білген батырлығы, ерлігін ортаға қосайын деген ниетімді жасырмадым. Бірақ жақсы адаммен әңгімелессең рухани байлық қалады екенсің.

Тақырыбымызды «Біздің заманның батыры», деп таңдадым.

Богучар селолық сегізжылдық мектебін тамамдап, 1984 жылы ауылда қол жұмыс істеп, Қарағанды қалалық ДОСААФ ерікті қоғамдық мемлекеттік бірлестігінде автокөлік жүргізушілігінде оқып бітіргеннен кейін Қарағанды қалалық Ленин аудандық әскерге шақыру комиссиясы оның бойының 164 см. екенімен санаспай, тіпті салмағы 50 килі болса да әскер қатарына азаматтық борышын өтеуіне жолдама береді.

Бұл тұста біз, ауыл баласының өзінің әскери қызметтік міндеттерін адал атқарып қана қоймай, кей сәттердегі тапқырлығын да айта кетуді жөн көріп отырмыз. Жанын қиодан да жасқанбайтын жігіттермен мақтансақ, Ұзақбай ағаны алға тартамыз. Өзінің ширақтығы мен екі тілді шебер меңгеруінің арқасында әскерге жасқанбай аттанып, сержанттар дайындайтын мектепте оқиды. Ауған бекінісінің Термес қалашығындағы әуе күштеріне қарсы соққы беру шеберлігінде алты ай бойы шыңдалады.

Ұзақбай аға мұны былайша еске алды: денешынықтыру, алыс қашықтыққа жүгіру, әскери

қорғаныс жабдықтарын көтеріп алып жүру машықтарына дағдылану үшін қатты жүдедік. Оның үстіне ауылда тоя тамақ жеп үйренген, шошқаның етінен жиіркендік. Төрт айға дейін тазалық пен өз ісіне деген шынайылықтан нағыз ерлік сабақтарына машықтандық.

Әскери Жарғы талаптарымен жаттық, үнемі дабылмен оянып жүрдік. Жаңа ғана көзіміз ілінгендей болған сияқты сезінеміз, ұйқы төтті, «Рота, ояныңдар!» деген бұйрықтан бастап, ротаның тәуліктік нарядының атқаратын қызметтері, құрамы және қарулануы, рота бойынша күндізгі кезекшінің міндеттері, өзінің кезекті міндетін атқаратын күндізгі кезекшінің бекетін жабдықтау және жарақтандыру, тікелей бастықтары келген кездегі, «Жиын» белгісі берілгенде, дабыл жағдайдағы күндізгі кезекшінің әрекеттерін толық жаттап алдық. Аға солдаттар бізге: сендер ренжімендер, біз соғыс – қорғаныс тәсілдерін неғұрлым тиімді үйретсек, сендер де соған шыңдаласыздар, дейтін. Кейін көзім жетті.

Мені таң қалдырғаны біздің бөлімді 40 «А» - деп бөлектейтін. Сөйтсек «А» дегені түсінікті болды, Ауғанның Хайратон елді мекенінен жаяулы – жалпылы бірақ шықтық. Біздің жанымыздағы 40 – шы бөлімдегілер анығын айтқанда шекараны күзетуге қалды.

Біз бар болғаны он сегіз-он тоғыздағы 10 жауынгер едік. Өмірге сондай құштар болатынбыз. Арнайы жасақпен вертолетпен Құндыз полкіне жеткізді. Бірақ өмір қағидасы – жазмыштан озмыш жоқ... Тағдыр 10 азаматты осылайша жып-жылы ұясынан шығарып алып, сұп-суық соғыстың ортасынан бірақ шығарды. Кім үшін? Не үшін? Неге? Сұрақ көп, жауап жалғыз – құпия!.. Бітті!

Ульянов аудандық жерлесіммен 1- батареяға түстік. Командиріміз капитан Пономоренко. Тұнық жүзді, шырайлы сары болатын. Менің құжаттарымды қарап отырып, жақсылап бір күліп алды. Әсіресе сегізжылдық біліммен кіші командирлердің мектебінде оқығаныма... Сосын Қарағанды облысынан екеніме иеніп қалды, оның үстіне екі тілде сайрап тұрмын. Сөйтіп менің командиріме осындай жауынгерді таңдағанына риза болғанын іс жүзінде дәлелдеді, мен енді іскерлік қабілетіммен взвод командирінің орынбасарлығына іліктім. Қарамағымда 100 солдат.

Қайдағы бір тау-шатқалдың арасындағы соғыста өзекті өртейтіндей өкініш басып алатын! Текке төгілген қан, өрі оны көзімен көрген қаншама жан бар жаралы. Міне, солардың сәл де болса іштегі шерін шығару үшін терін төгіп жүргендердің бірі мен едім. Оның үстіне аға солдаттар бізді «Үш күнде тозаққа үйренесіңдер», - деп мазақтайтын.

Пономоренко рота бойынша тәуліктік кезекшінің тағайындалуы, құрамы және қарулануы, әскери бөлімнің жеке құрамын, қару жарағын, әскери техникасы мен оқ-дәрілерін, материалдық қорларын, бақылауға белгіленген тәуліктік нарядпен жиі әңгіме өткізетін. Арасында күліп, әзілдеп қоятын. Басында түсінбеп едік, соңынан әкеміздей шын жанашыр болып



шықты.

Атыс басталады, біз де атамыз, кімді атып жатырмыз бәрі түсініксіз болатын. Жан тәсілім сыртқа қашсаң, өз қолыңмен көмген жарылғыш минаға түсесің. Осылайша көп солдат мерт болды. Сөйтіп, өзіміздің мақсатымыз - Ауған кишлағына жеттік. Міндетіміз - әуе күштеріне қарсы соққы беру, бекіністі жабдықтау және жарақтандыру болатын.

Біздің жанымызда үлкен бау – бақша болатын. Осы жолмен келе жатып, кенет белгісіз біреудің үйлерінің қақпасынан ыршып түсіп жүгіріп бара жатқанын байқаймыз. Оның бұл жүгірісіне күдікпен қарағанмен олар мұсылмандар болатын. Сақшы оның ізіне түседі. Бір кезде күдікті досымыз болып шығады. Үйлердің жанында көкөніс, бау – бақша өнімдерін сататын. Ал, түнгі уақытта әлгі саудагер өзі орналасқан үйлердің арасына кіріп кетіп, атысудан тайынбайтын еді. Тіпті болмаса снарядтармен ататын, душмандар сондай әмбебап жауынгер болатын.

Дұшмандар қасындағы орындығын тасалап, қайтадан күндізгі әрекетіне кіріседі, қаруын тастай сала, бау – бақша баптайды. Құрылыс батальоны солдаттарымен бірге құлап қалған үйлерін тұрғызады. Партизандарының қашып бара жатқан күдіктінің артынан оқ атқанына қарамастан табандылығымен оны да қолға түсіріп едік. Сондай сәтте снаряд жарықшағы бұғанасынан жарақаттады. Осы снаряд сынығы әлі денесінде сақтаулы екен.

Иә, мұндай қызметке адалдығы Ұзақбай ағаны дұшпанға қатал болуды үйретті. 6 әскери қосында күзетті қаталдандырды.

Сондай бұралаң әскери өмірде, дәл өзінің туған күні 7 қарашада оған аға сержант әскери шені тағылады. Оның достары шені үшін емес, қайта өздерінің бір-біріне адал, қалтқысыз сенімі, бір мүдделі, ортақ көзқараста болғаны үшін жақсы көрді. Достықтың өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі екенін ол жырақта осылай дәлелдей алды. Нағыз достық оларға шабыт беріп, кездесетін түрлі сәтсіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдесті. Біреуінде қызбалық не шабандық, екіншісінде тұйықтық не жігерсіздік байқалса да, бұлар достыққа кедергі бола алмады, қайта

сатқындық, өтірікшілік, өзімшілдік достықпен сыйыспайтынын ол жиі айта бастады.

Мен Ауғандықтардың тұрмыс – салты туралы сұрастырдым. Сөйтіп біраз жайға қанықтым.

Ауа – райы өте жылы, жұмсақ, қар көрмегенге ұқсайды.

Мектепте ауғандықтарды мұсылмандар, шиит тармағына жататынын оқыған болатын. Енді сол теорияны тәжірибе жүзінде ұшастырды. Олар дінге қатал, әйелдері жүзін жасырып, паранжа киеді, 5 уақыт намаздарын қаза етпейді. Тіпті соғыс болып жатса да. Еркектері көп әйелге үйленеді. Ауылды ақсақалы басқарады, оның айтқаны бұлжытпай орындалады.

Техникалық дамуы артта қалған, ағаштан жасалған соқамен жер жыртады. Барлық жұмыс қолмен атқарылады. Ерлері сауда жасайды, әйелдері бақша баптап, тамақ пісіреді. Ақсақалдар немерелерін бағады. Осының бәрі көз алдымызда өтіп жатты. Жоғарыдан үнемі дүрбімен қадағалап отырдық. Тапсырма солай.

Біз олардың арығына жоғарыдан су жіберуге көмектесіп жүрдік. Әрбір әулеттің бау – бақшасы бөлек – бөлек орналасқанымен судан таршылық көрсетпедік. Оның ақысына олар жемістер мен бау бақша өнімдерін солдаттарға жиі – жиі әкеліп тұратын.

Қомағай болдық. Тәтті жемісті ұрлауға түн жамылып, ұрлыққа аттанып жүрдік. Әсіресе піскен шабдалының дәмі тіл үйретін. Соқпақ біреу – ақ. Сыртқа шығып кетсең минаға түсесің. Жастықтың әсері мен, өлім туралы ойланбадық. Өйткені күндізгі соғыста өлім мен өмірдің ортасында жүретін едік. Ал, түнгі жорықта достарым мені ортаға алатын, Имаш сен бізге қымбатсың, минаға біз түсейік, - деген ниеттерін именбей жеткізетін. Әйтеуір бәріміз аман оралып отырдық. Бақшадан қалай жеміс жидек ұрлағанымызды еске алып, мез – мәйрем күлуші едік... Әйткенмен қорқынышымыз басым болатын. Өйткені күндізгі душман түнде ешетеңемнен санаспай атып тастауы да мүмкін еді ғой.

Афғани – бұл Ауғанның өткір желі. Жер қыртысын қопара соққанда қойны – қонышыңды топыраққа нығыздайтын. Осындай сары топырақ, кейде сұр болып келеді. Біз одан еш қиналмай суға илеп, монша тұрғыздық. Осындай дауылдан топырақ елеуіштен өткендей, майда болатын. Ауғандықтар одан қатты температурада жарылмайтын болғандықтан тандыр нан пісіретін пеш қалайды.

Сосын бір есте қалғаны таңертеңгісін қызыл алауға толы алқапты көрдік, сөйтсек мак гүлдепті, өртесіне қайтып көрмедік. Табиғаттың құбылысы біздер үшін ең қауіпті жай болды. Бірде көдімгідей жер сілкінді. Бәріміз палаткалардан сыртқа жүгірдік. Қорғану керек қой, ешқандай да снаряд жарылған жоқ, мылтық атылғаны да естілмеді. Сөйтсек, табиғи құбылыс екен. Осындай қиын құбылыста негізгі міндетіміз - әуе күштеріне қарсы соққы беру, бекіністі жабдықтау және жарақтандыру шараларын мүлтіксіз орындап жүрдік.

1989 жылы кеңес әскерлерінің контингенті Ауғанстаннан шығарылды. Ауғанстандағы соғыс 15 мыңға жуық кеңес солдаттары

мен офицерлерінің өмірін алып кетті. Соғыс әрекеттері уақытында интернационалист-жауынгерлер жоғары қаһармандық пен батырлықты көрсетті. Осындай ауыр аманат арқалап, өмір мен өлім белдескен қанды шайқаста оның жерлесі ЖӨМ жүргізушісі Бекежан Дінішев минаға жарылады. Қанды жорыққа қатысып, батырлық пен ерліктің өрен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлесіміз Тәжіктің Куляб қаласында қалған әскери міндетін өткеріп, елге оралады.

Бұл қызмет бізді аса батыл, жұмысына жан-жүрегімен берілген, өте икемді, сақ, шыңдалған адам етіп тәрбиеледі, соның өзі өмірімізді марапаты, - дейді байыппен кейіпкерім. Ауған соғысы жауынгерлері - шынында да бүгінде арамызда тірі жүрген нағыз батырлар. Мен сөйлескен, оқ пен от ортасынан келген кейіпкерлерім сабырлы, парасатты, мейірбан, ұлтын сүйген азамат екенін көрдім.

Оларды құрметтеп, кейінгі жастарға өжеттігін үлгі ете отырып, Ауғанда бірге болған достарымен үнемі хабарласып тұратынын айтты. Солардың бірі – семейлік Аман Сейітжанов болса, бір взводта, бір батареяда бірге болып, бір тілім нанды бөліп жеген жан досы бұқаржыраулық Дулат Шаухаров. Екеуі елге бірге оралған, ол қазір Теміртау қаласында тұрады.

Осындай ерік, жігері мықты азаматты тәрбиелеген Ұзақбай ағаның әкесі де кезінде Отан алдындағы абыройлы борышын неміс елінде өтеген екен, елге абыройлы сержант болып оралыпты. Ұзақбайдың аға – інілері де еңкей сержанттар, ағасы Өскеменде, кіші інісі Балтық теңізінде әскери міндеттерін өтепті.

- Ұзақбай аға, біз сержанттар әулетіненбіз, - деп күлімісрейді.

Әңгіменің соңын ала Ұзақбай ағаға, - Отансүйгіштік тәрбие туралы жастарға қандай ақыл айтар едіңіз? - деген сауалымды айтып қалдым.

-Әрине Отанды сүю отбасынан қалыптасады. Менің өкем отбасының барлық мәселесін дастархан басында өзіл әңгіме айта отырып, әрқайсымызға өз міндетімізді жүктей білетін. Ешқашан ұрыспайтын. Қателігімізді бетке айтып, оны қайталамауға үгіттейтін. Айтатын сөзін өте жұмсақ жеткізетін. Бізбен ұзақ әңгімелесетін. Сөйтсек бала тәрбиесінде рухани әңгіменің маңызы терең екен.

Қазіргі жастарға әңгіме айтсаң, ұғып отырғандай сыңай танытады. Сосын жаңағы әңгіменді қорытындылай келе, ықыласпен тыңдаған шығар деп, әңгіменің маңызын сұрастырсаң түк білмей шығады. Ойы мүлде басқа жақта отыратынына қынжыламын.

Тәрбиені өркім өзінен бастауы керек. Бірінші отбасын, балаларын. Оларды ұрсып, тәрбиелеу мүлде қисынсыз тәсіл. Алдай білуі керек. Олардың ішкі үнін тыңдай білу керек.

Кейде баланың ойы үлкен мәселені қозғап кетеді, осыған назарымызды ересектер көзқарасымен бұруымыз қажет.

Арада біраз уақыт өткенін де байқамаппын, Ұзақбай ағамен әңгімелесу барысында рухани байып, шабыттанып, өмірге құштарлығым арта түсті. Тағы қосарым қарапайым еңбек адамдарының тағдырына терең үңіле қарауға үйретті.

Жазып алған: В. Ю. Омарова, Құндызды ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы